

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2022-2023 оқу жылындағы Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің
№3 ХАТТАМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫЛАРЫ**

Түркістан қаласы

27 қазан 2022 жыл

Өткізілген орны: Мәдениет сарайының кіші залы

Өткізілген уақыты: 2022 жыл, 27 қазан, сағат 15:00

Қатысқандар: Оқу-әдістемелік комитет мүшелері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары бойынша бакалавриат, магистратура, резидентура, докторантура ББ дайындық бағыттарының сәйкестігіне мониторинг нәтижелерін талдау (*Академиялық департамент директоры А.М.Бостанова*);

2. Институционалдық, мамандандырылған және бағдарламалық аккредиттеу постмониторинг жұмыстарын ұйымдастыру (*Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы - Е.Ш.Шахабаев*).

3. Әр түрлі мәселелер:

3.1. «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2022» байқауына қатысатын үміткерлерді анықтап, Сенат мәжілісіне ұсыну (*ОӘК хатшысы*).

Күн тәртібіндегі бірінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Университеттің бакалавриат, магистратура, резидентура, докторантура білім беру бағдарламалары, дайындық бағыты №391 бұйрық бойынша қойылатын біліктілік талаптары сәйкестендірілсін, орындау мерзімі 14.11.2022 ж. (*Жауапты – факультет декандары, кафедра меңгерушілері, бақылау – Академиялық департамент бөлімдері*).

Күн тәртібіндегі екінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

2.1. 51 білім беру бағдарламаларын мамандандырылған постмониторинг жүргізу нәтижелері туралы мәліметтер назарға алынсын;

2.2. 2022-2023 оқу жылында 22 білім беру бағдарламалары мамандандырылған аккредиттеуге ұсынылсын (*Жауапты – факультет*

Ф-ОБ-001/1-007

декандары, кафедра меңгерушілері, бақылау – Академиялық департамент бөлімдері).

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

3. «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2022» конкурсының I кезеңі бойынша конкурс талаптарына сай үміткерлер тізімі анықталып, сенат мәжілісіне ұсынылсын. (Жауапты: ОӘК хатшысы – А.Тасова).

Қаулылар мәжіліс хаттамасынан көшіріп алынды. Көшірме дұрыс.

Оқу-әдістемелік комитет хатшысы  А.Б.Тасова

